



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ  
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

# СЫР БОЙЫ

№57  
(19540)  
19 сәуір,  
бейсенбі  
2018 жыл  
www.syrboyi.kz

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



**ТАҒЫЛЫМДЫ  
ҒАЛЫМ, КӨРНЕКТИ  
ПЕДАГОГ, ТАМАША  
ДОС ТУРАЛЫ**

3



**СЫР ӨңІРІ  
ҚАСИЕТТІ  
ЖЕРЛЕРІНІҢ  
ГЕОГРАФИЯСЫ**

4

МӘЖІЛІС

## ЖЫЛУ МАУСЫМЫ СӘТТІ АЯҚТАЛДЫ, ЖАҢА МАУСЫМҒА ДАЙЫНДЫҚ ТОЛАСТАМАЙДЫ



**Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен 2017-2018 жылғы жылу беру маусымының қорытындысы және 2018-2019 жылдардағы жылу беру маусымына дайындық барысы талқыланған селекторлық мәжіліс өтті. Мәжіліске ҚР Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Нұрлан Тілепов қатысты.**

Аймақ басшысы атап өткендей, қыс кезінде тіршілікті қамтамасыз етуіш нысандарда қысқа мерзімді тоқтаулар орын алғанымен, оларды дер кезінде жою жұмыстары жүргізіліп, жылу, газ, электр энергиясы мен ауыз су тұтынушыларға тұрақты түрде беріліп тұрды. Облыс әкімінің орынбасары Серік Сүлейменовтің үйлестірген жұмыстарының арқасында коммуналдық мекемелер арасындағы қарыздар өткен жылдармен салыстырғанда елу екі төмендеген. Мысалы, «Қызылорда жылу электр станциясы» қаспоринының «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ алдындағы қарызы 2017 жылдың 1 сәуірімен салыстырғанда 3 есеге, ал соңғы 3 жылда 10 есеге төмендеген.

Мәжілісте 2017-2018 жылғы жылу беру маусымының қорытындысы туралы облыстық

энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Медет Усайн хабарлама жасады. Хабарламашы облыс бойынша жылу беру маусымы өз деңгейінде өтіп, тіршілікті қамтамасыз етуші қаспоринылар штаттық режимде жұмыс жасағанына назар аударды. Жауапты маусымда облыс бойынша әлеуметтік нысандар қажетті отын қорымен жасақталған. Білім саласында – 476, мәдениет және спорт саласында – 400, денсаулық саласында – 266 нысанға және орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған 713 көпқабатты тұрғын үйлер жылумен тұрақты қамтамасыз етілді.

Басқарма басшысы атап өткендей, ҚР Энергетика министрінің «Жылыту маусымын ірікілесіз өткізу үшін энергия өндіруші ұйымдарға отын сатып алуға субсидия беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, «ҚЖЭО» қаспоринына жылу беру маусымына 586 млн теңге қаржы бөлінді, 9 мың тонна мазут отын сатып алынған. Бүгінгі күні орталықтың эксплуатациялық қорында 4,6 мың тонна мазут бар. Өткен жылы беру маусымында әлеуметтік нысандарға 50,2 мың тонна көмір, 26,5 мың тонна дизельдік отын қоры жасақталып, жылу тұрақты түрде берілді. Облыс тұрғындарына

қажетті көмірдің 209 мың тоннасы жеткізілді. Көмірмен қамтамасыз ету бойынша тұрғындар арасында өзекті мәселелер болған жоқ.

М.Усайн бүгінгі күні, облыс орташа есеппен 93,1 МВт электр энергиясын тұтынып отырғанын жеткізді. Облыс бойынша электр желілерінде айтарлықтай апаттық жағдайлар орын алған жоқ. Ал газ тұтыну көлемі жалпы облыс бойынша 59,7 мың текше метр. Оның ішінде Қызылорда қаласының тұрғындары сағатына 15 мың текше метр, «ҚЖЭО» 15 мың текше метр, Кристалл-Менеджмент 22 мың текше метр алып тұрса, газдандырылған аудан орталықтарына 7,7 мың текше метр тұрақты түрде көгілдір отын беріледі.

Ағымдағы жылдың 14 ақпанында Қызылорда қаласында «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалына қарасты газ құбырынан ақау шығып, апаттық жағдай орын алды. Нәтижесінде қала бойынша 8 газ тарауына бекеттер жұмысы тоқтатылып, 8 мыңга жуық (6200 – көпқабатты тұрғын үй тұрғындары және 1800 жеке тұрғын үй сектор тұрғындары) тұтынушылар табиғи газсыз қалды.

2-бет

ҚЫЗЫЛОРДА - 200

## ҚАЛА МЕРЕКЕСІНЕ КӘСІПКЕРЛЕР ТАРТУУЫ

Ауылда той болатын үйді бірден білесің. Онда ағайындар жиылып, қазан-ошақ дайындап, абыр-сабыр күйге енеді. Қала мерекесі қарсаңындағы әзірлік ағайынның сол ауызбіршілігін еске салғандай болды.

Шырайлы шаһардың 200 жылдық мерей-тойына арналған дайындық қызу жүзде, тың жобалар қолға алынады. Ең бастысы, бұл бағыттағы жұмыстарға жанаһыр азаматтар елеулі үлес қосып келеді. Мәселен, жуырда қала әкімдігі көпқабатты тұрғын үйлердің сыртқы бейнесін сәулеттік және эстетикалық талаптарға сәйкестендіру үшін жергілікті құрылыс компанияларына ұсыныс білдірген еді. Көп ұзамай біз құрылыс компанияларының көркейту-қоғалдандыру және абаттандыру ісіне жұмыла кірісе кеткенін көріп, қуандық. Туған жерге деген шынайы жанаһырлығын сөзбен емес, іспен дәлелдеуді күл көрген құрылысшылар қазір Абай, Жібек жолы даңғылы мен Тоқтағамбетов, Әуелбеков, Сүлейменов көшесіндегі 30-дан астам көпқабатты үйдің сырт келбетін өз қаражаты есебінен жанартып, әрлеумен айналысуда.

Бірі білсе, бірі білмес. Желтоқсан көшесіндегі №2 үй ұзақ уақыттан бері жолден өтпеген болатын. Бірақ, бүгінде тұрғын жайдың сырт келбеті қалыңа келді. «Нұрғалап и Ю» серіктестігі директорының орынбасары Аскарбек Байкеновпен тілдескенімізде, ол тек баспана сырттан әрлеу ғана емес, ескірген шағырлар мен суағарларға дейін ауыстыру көзделіп отырғанын жеткізді. Осындай игі істі жалғастырушылар қатарында «Бак береке» ЖШС директоры, қалалық мәслихат депутаты Қайрат Ерназаров бар. «Туған қаланы түлету – парызым» деп білетін «SGS Инжиниринг» серіктестігінің директоры Нұрлан Аманбаев та солардың қатарында. Кәсіпкер әрбір азамат өзінің туып-өскен ауылын, қаласын құрметтеп, оның алдағы өркендеуіне септесе болса, кейінгі ұрпақ та осы бастаманы жалғастыруды дәстүрге айналдыратынын айтады.

– Қаланы абаттандыру, қоғалдандыру бойынша бірқатар жұмыс атқарылууда. Мұның барлығы – тұрғындардың жайлы өмір сүруі үшін жасалып жатқан дүние. Біз де туған өлкемізді айшықтауға үлес қосудамыз. Осылайша, сүйікті қаламыздың 200 жылдығына тарту жасағымыз келеді, – деді Н.Аманбаев.

Қала ажарына айрықша мән беру мәселесі күн тәртібінен түспек емес. ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңда да «Тұрғын үйді қалыптастыруға қажетті құрылыс және қалыптасуының өзінше ортақ міндеттері үлесінің көлеміне қарай өтейді және төтер иелері ортақ мүліктегі өз үлесіне тең мөлшерде күтін-ұстау мен пайдалану бойынша жалпы шығыстарға қатысуға міндетті» делінген. Бұл ретте құрылыс мекемелер тұрғындарды көркейту жұмыстарынан шет қалмауға шақырып отыр.

Мәлідр ҚАЛЫМБЕТ,

Суретті түсірген: Н.НУРЖАУБАЙ.



ТІЛШІ – ЕЛДЕН

## ДИҚАН ДӘН СЕБУГЕ ДАЙЫН

**«Жаңажол» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі – Қармақшы ауданындағы ғана емес, аймақтағы іргелі ұжым. Ауданға барған сапарымызда көктемгі егістің жауапты науқаны қарсаңындағы дайындық барысы туралы серіктестік төрағасы Орынбасар Төлеповпен аз-кем сұхбаттастық.**

– Қазір дән себуге толық дайынбыз. «Егінші жылда арманда» дегендей, 3200 гектар жерге күріш егіп, бұйыртықан ырғыздымызды теріп жеуге қарекет жасап жатырмыз. Оған қоса 428 гектар жонышқа, 100 гектар бидай, 10 гектар картоп, 3 гектар бақша өнімдерін егеміз. Былтыр 2 гектардай алма бағын еккенбіз, қазір 70 проценттей шығып тұр. Быыл соған 4 гектар қосамыз, – деді серіктестік басшысы.

Мұнда бірнеше жылдан бері күріштің «Лидер» сорты егіліп келеді. Быыл «Янтарь» сорты да қосылады. Серіктестікте жұмыс істейтін 400 адам жер айлау мен тегістеуге жұмыла кірісіп кеткен. Әр бригаданың жауапкершілігіне ауыл қошелерін абаттандыру, көркейту, тазалық жұмыстары да жүктелген.

Былтыр ауылда көкөніс базасы салынды. Өйткені жиналған көкөністі сақтайтын орын таппы болды. 60 тонна картоп, маринадталған көкөністі, жеміс тоспасын сол базаға сақтап, қазір дүкенде сатылууда. Бұл бағаны тұрақтандыруға оң әсер етті. Тәжірибе жинақталған соң бақша өнімдерінің көлемін ұлғайтуға, тағы бір база салуға, оған қоса 2 қойма мен дірменді жанауаға әзірлік жүріп жатыр.

Көктемгі егіске жанадан әкелінген 2 «Класс» тракторы соқасымен бірге дайын тұр. Қалған техникалар да сақадай сай. – Бірыңғай егінді ойлай бермей, ауылды көркейтуге де назар аудармасак болмайды. Қазір қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш қоюға азаматтар ниет білдіріп отыр. Ауыл орталығындағы саябақта соғыс ардагерлеріне арналған ескерткіш бар еді. Енді жазықсыз қудаланған азаматтардың аты ардақталмақ. Тағы бір қанатына Ауған соғысының құрбаны болған ауыл азаматына, басқа да соғыстың ардагерлеріне арналған тақта орнатпақ ойымыз бар, – дейді серіктестік төрағасы.

Сәті түсіп, біткен жұмыстың бірі – қараусыз қалған ауыл музейінің қайтадан жаңғыртылуы. Онда ауылдың, жер-су аттарының тарихы туралы мол мағлұматтар жинақталған. Қазір музей қызметкеріне серіктестік есебінен жалақы төленіп отыр. Оған қоса, күрішшілер мен жұмысшыларға Жаңақорған санаторийіне демалуға, ақсақалдар мен ауыл тұрғындарын Астанаға ЕХРО көрмесіне апаруға да демеушілік жасаған. Қыс бойы бригадалар, ауыл мекемелеріне арналған ауқымды мәдени шаралар ұйымдастырылды.

Мұндай жауапты кезде іс адамның уақытын алып, қолын байламайық деп сапарымызды әрі қарай жалғастырдық. Алқаптардағы тынымсыз тірлік осыдан қара күзге дейін тоқтамайтыны анық. Мандай тер өтелеп, дән шығымды болғай!

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,  
«Сыр бойы»,  
Қармақшы ауданы.

## ЕГІС ЕГІП, БАҚША БАПТАҒАН

Көктемнің әр күні – жылға азық. Мұны әрбір дала перзенті терең түйсінеді. Қысы қытымыр келетін Қазалы ауданында ауа райы әлі де толық жылына қойған жоқ. Десе де, күн қабағын бағып үйренген дикан қауымы ұтырлы сәтті тиймді пайдалануға ұмтылууда.



Ағымдағы жылы Қазалы ауданында 17790 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілмекші. Оның ішінде күріш 6950 гектарға жеткізіледі деп межеленген. Барлық шаруашылықтарда күріш тұқымын тазалап, себу деңгейіне келтіру ісі жүргізілуде. Өткен жылы 2 гектар жерге күріштің Ираннан жеткізілген жана тұқымды өсіріліп, сынақ жасалған болатын. Быыл «Торем Хошеми» сортын «Сыр Маржаны» ЖШС 150 гектарға егуді жоспарлап отыр. Елу тонна тұқым алу үшін Иран Ислам Республикасымен келісімшарт жасалды.

Егіске минералды тыңайтқыш пен күріш арашоһтеріне қарсы қолданатын гербицид қорын мерзімдіде жасау мақсатында Ресей мен Өзбекстандағы өндіріс орындарымен, Тараз қаласындағы фосфор зауытымен екіжақты шарт бекітілген. Қазалыда көктемгі дала жұмыстарына керекті техника мен жанар-жағармай да дайын. Ауыл шаруашылығы дақылдарын вегетациялық кезеңде тұрақты сумен қамтамасыз етуге, экологиялық қажеттілікке сурмалы су лимитіне келісім алынып, ішкі шаруашылық каналдарындағы су жолдары қамыстан тазартылып, су реттегіш пен су сору қондырғылары жөндеуден өткізілуі де ыждағаттылықтың нышаны.

Өткен жылдан бастап Қазалы ауданында бау-бақша өнімдерін егу жанданғаны белгілі. Тұрғындардың бақша егуге деген құлшынысы құптауға лайықты. Қала, кент, ауылдық округтерде бау-бақша, көкөніс өнімдерімен айналысатын кооперативтер құрылып, оларға жерді қоршау, өңдеу, аяқсу жеткізуде жасалған қолдаудың нәтижесінде 1050 гектар жерге бақша дақылдары егіліп, 14538 тонна өнім алынған болатын. Қауыншысы, өткен жылы Ресейге қауын-қарбыз экспортталды. Сонымен қатар, Ақтөбе, Астана, Байқоңыр қаласына қоса Арал, Қармақшы аудандарына да қазалылық өнімдер жеткізілгені кезінде жазған едік. Бұл игі іс быыл да жалғасын табатын болады.

Ү.Түктібаев ауылында 60 гектарға бау-бақша егу жоспарланып отыр. Ауылда 2 кооператив құрылған. «Айтбай» кооперативінің төрағасы Кенжетай Нағызалиев 35 отбасын біріктіріп, жұмыс жасаға, «Жаңа тал» кооперативінің төрағасы Сабырбай Мұханов 15 отбасыға жетекшілік етуде. Абай ауылында 20 отбасы 30 гектар жерді игеру жұмыстарын бастаса, Майдақолде 80 гектар жерге бау-бақша өнімдері егілмек.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,  
«Сыр бойы»,  
Қазалы ауданы.





# Сыр өңірі ҚАСИЕТТІ ЖЕРЛЕРІНІҢ ГЕОГРАФИЯСЫ

«Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі», – деген еді Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында.

Сананы жаңғырту жұмысы мәдени жадқа, символикалық, киелі және мәдени-тарихи заттарға негізделуі тиіс. Киелі жерлер немесе рухани қасиетті орындар – халықтың рухани дәстүрлі тірегі. Қазақстанда мұндай орындар көп, олардың кейбіреулері әлемдік деңгейдегі жауһарлар болып табылады. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы ұлттық нысандарды, қазақстандық ұлттық бірегейліктің қарқасын анықтауға мүмкіндік береді. Бұған қоса, «киелі белдеудің» объектілері туризм индустриясы үшін өрлеу нүктесіне айналады.

«Қазақстанның киелі географиясын» құрастырған кезде негізгі үш элемент – әр қазақстандықты «Қазақстанның мәдени-географиялық белдігіне» қатысты танымдық дайындау. БАҚ-тың ақпараттық-үгіттеу жұмысын ілгерілету бойынша жүйелік тәсілемесі, ішкі және сыртқы мәдени туризмнің халықтың символикалық мұрасымен шоғырлануы ескерілді.

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» – Елбасының Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасы аясында жасалған ауқымды жоба. Жобаны үйлестіруші – Мәдениет және спорт министрлігі, яғни орындаушы – Ұлттық музейдің жанынан құрылған «Киелі Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы.

Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиялы жобаны жүзеге асыру барысында осы уақытқа дейін еліміз бойынша киелі жер ретінде 100-ден аса нысанның тізімге алынатындығын, оның ішінде ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени және табиғи мұралар тізіміне енген тарихи және мәдени ескерткіштердің бар екенін айтты.

Бүкіл еліміз бойынша «Киелі жерлер географиясы» ретінде 500-ге жуық нысан белгіленбек. Оларға археологиялық және сәулет ескерткіштері, ерекше құрметтелетін діни нысандар, тарихи тұлғалар мен саяси оқиғаларға байланысты киелі жерлерді картаға кіргізу көзделуде. Ең алдымен киелі нысандарды іріктеудің өлшемдері болуы тиіс, сондай-ақ, оларды жобаға кіргізу үшін әдістемесі жасалуы қажет. «Қазақстанның киелі жерлері» жобасы – діни жоба емес. Сондай-ақ, таза ғылыми жоба деп те айтуға келмейді. Ойткені, жобаның саяси жағы да бар. Санамызды дамыту үшін, қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру үшін жұмыс атқару керек. Бұл бізге сырттан келіп жатқан жат идеологияларға қалқан болып тұру үшін қажет.

Жобаны жүзеге асыру барысында насихат жұмыстарына көңіл бөлініп, оның ішінде кітаптар шығарылып, мерзімді баспасөздерде материалдар жарияланып, бейнероликтер түсірілетін болады. Сондай-ақ, бүкіл Қазақстан бойынша ұйымдастырылған экспедициялар бүгінде бірнеше облысты қамтиды.

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын жүзеге асырудың негізгі қағидаларының бірі – кең көлемді кешенді зерттеу жүргізу, материал жинақтау. Биыл елімізде алты бағыт (Оңтүстік, Солтүстік, Шығыс, Батыс, Орталық және Оңтүстік-Шығыс) бойынша ғылыми-зерттеу және дала экспедицияларын өткізу жоспарланған.

Қызылорда облысында мыңдаған тарихи-мәдени ескерткіштердің бар екенін ескерсек, олардың әрқайсысының тарихы, өзіндік ерекшелігі мен құндылықтары бар. Елбасы киелі жерлердің картасын туризмге де жұмыс жасау керектігін айтты. Сол себепті, киелі жерлердің ең белгілісі және болашақта туристік нысандар мен маршруттарға айналатын ескерткіштерді қамту керек. Сонымен қатар, өлкеміздің киелі орындарын көрсеткенде табиғи байлығымыздың ерекшеліктерін атап өту маңызды. Мысалға, Қаратау сілемдері, Сырдария өзені мен олардың көне сағалары, Қызылқұм құмды массиві, Камбаш көлі және аты әлемге мәлім Арал теңізі және т.б. киелі нысандарымыз қасиетті жерде орналасқандығы баршамаңызға мәлім.

Біздің аймақ шығыстан батысқа қарай созыла орналасқандықтан, киелі орындарды тақырыптық топтарға бөліп бірнеше картасын жасауға болады. Оларды аралауда «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» күре жолы үлкен маңызға ие. Бұл болашақта өлкеміздің туризм саласының дамуына әсерін тигізеді сөзсіз.

Сыр бойының киелі жерлерінің тақырыптық экскурсиялардың технологиялық карталарын 4 ауданға – Қызылорда-Қаратау бағыты, Қызылорда-Қызылқұм немесе «Құм басқан өркениеттер» бағыты, Қызылорда-Жетіасар-Қорқыт ата, Қызылорда-Арал теңізі бағыты деп бөліп қарастыруға болады. Осы бағыттар бойынша өлкеміздің қола дәуірінен бастап бүгінге дейінгі аралықпен мерзімделетін киелі (қасиетті) орындары енгізілді. Әрине, картаға барлығын қосу мүмкін емес, бірақ, осы маршруттар бары-

сында көптеген қосымша нысандарды қамтуға болады.

## ҚЫЗЫЛОРДА-ҚАРАТАУ БАҒЫТЫ

Қызылорда – Бөйкем ауылы – Оқшы ата қорымы – Шиеді – Көккесене – Төменарық – Жаңақорған – Қыркесене ауылы – Төлегатай-Қылышты ата кесенесі – Қорасан баба қорымы – Сунақ ата ауылы – Сығанақ кешені – Енбекші ауылы – Сауыскандық жартас суреттері.

Қамтылатын нысандарға сипаттама берейік. Жеті әулие немесе Оқшы ата қорымы. Мұнда қазақтың жеті әулиесі, сөзге шешен датқалары, батырлары жатыр. Атап айтқанда, Бала би, Есабыз, Ғайып ата, Қыпшақ, Асан Қайғы, Оқшы ата, Досбол датқа кесенелері орналасқан.

Көккесене – орта ғасырлардан орны сақталған архитектуралық ескерткіш, Сырдария өзенінің жағасына тұрғызылған сәулетті күмбес. Мамышбектің (Алып Мамыш, Алпамыс) жұбайы Баршын сұлудың (1 ұлбаршы) қабіріне салжұқтар заманы сәулет өнерінің үлгісімен биік мұнаралы етіп салынған.

Төлегатай-Қылышты ата кешені. Төлегатай баба Сүйіншіұлы (шамамен 15-ғасырда өмір сүрген) – тарихи тұлға. Найманның (Ақсопының) шөбересі. Төлегатай баба өз заманында қол бастаған батыр, елдің қамын жеп, бірлігін ойлаған қайраткер болған. Мазары Қылышты ата әулиенің қорымында. Қылышты ата – аруақты адам болған, XI-XII ғасырларда өмір сүрген. Қайта жаңғыртудан өткен кешен – дайын туристік нысан.

Қорасан баба қорымы. Әбдіжәліл баб – Әли Абу Тәліптің (Өзірет Әлінің) жетінші ұрпағы, Хазрет имам Хұсайын әулетінен. XVIII ғасырдың 2-жартысында Йемде патшалық құрған. Әбдіжәліл баб пен оның ұлы Хұсайын баба жатқан жер «Қорасан әулие» аталып, бірнеше ғасырдан бері зиярат ету орнына айналды. Олар жайлы ел аузында таңғажайып аңыздар сақталған.

Сығанақ қалашығы – Қыпшақ хандығының (XI-XIII ғасырлар), Ақ Орданың (XIV-XV ғасырлар), Қазақ хандығының (XV-XVI ғасырлар) қаласы. Ұлы Жібек жолының маңызды бір тармағының бойында орналасқан Сығанақ қаласы Шығыс пен Батыстың көптеген ірі қалаларымен сауда, экономикалық, саяси және мәдени байланыстары маңызды рөл атқарды. Сығанақ қалашығымен қатар Сунақ ата кесенесін, Сығанақ мешіт-медресесін тамашалауға болады.

Сауыскандық петроглифтері. Қаратаудың Сауыскандық, Бала Сауыскандық тауларының Күркірейік өзенінің оң жағалауындағы қыратта және Сауыскандық өзенінің оң жағалауында орналасқан. Тарихи қола дәуірінен басталып, ортағасырларға дейін созылған петроглифтер сюжеттерінің ішінде Қаратау мен іргелес аудандардың фаунасы мен мекендейтін жан-жануарларды бейнелейтін зооморфты бейнелер басым. Жартас суреттерінің арасында антропоморфты бейнелерді, арбалар, аңшылық сюжеттерін, соларлық таңбаларды, «күн басты» тіршілік иелерін кездестіруге болады.

## ҚЫЗЫЛОРДА-ҚЫЗЫЛҚҰМ БАҒЫТЫ

Қызылорда – Қармақшы ауданы, Көмекбаев ауылы – Бөбіш-мола қалашығы – Шірік-Рабат қала-қорымы – Сеңгірттам қорымы – Баланды кешені – Ұйғарақ қорымы – Оңтүстік Түгіскен қорымы – Солтүстік Түгіскен кесенесі – Жент қалашығы.

Бөбіш-мола кешені – еліміздегі ең ежелгі қала. Б.з.д. IV-II ғасырларда егіншілікпен айналысқан Арал маңы сактарының ірі орталығы. Қалашықпен қатар ондағы қоныстар мен ірі ғибадатхана орналасқан кешен.

Шірік-Рабат қала қорымы – б.з.д. IV-II ғасырларда қанатын жайып, Арал маңы сактарының «дах» деп аталатын тайпасының діни-рухани астанасына айналған орталық.

Сеңгірттам қорымы – Сырдың төменгі ағысында б.з.д. VIII-VII ғасырларда мекендеген көшпелі тайпалардың «өлікті өртеу» ғұрпы жүрген «шлакты» обалар мәдениетінің қорымы.

Баланды кешеніне – б.з.д. IV-II ғасырлар мерзімделетін қоныстар мен ірі жерлеу құрылыстары кіреді. Әсіресе, Баланды-2 кесенесі ең алғашқы дәстүрлі күмбезді сәулет өнерінің туындысы болып табылады.

Ұйғарақ және Оңтүстік Түгіскен обалы қорымы – б.з.д. VII-V ғасырларда Аралдың шығыс өңірін мекендеген тайпалардың материалдық мәдениетінің бейнесін толық сипаттайтын ескерткіштер.

Солтүстік Түгіскен кесенелері – кейінгі қола

дәуіріндегі (б.з.д. IX-VIII ғасырлар) көсемдер жерленген орын. Саз кесектен тұрғызылған кесенелер Орта Азия мен Қазақстан ғана емес бүкіл Евразия даласына танымал ескерткіш.

Жент – Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы ортағасырлық қала орны. Қалада мұсылман дінін ұстанған түркі тайпалары қоныстанған. Жент X-XII ғасырларда Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы негізгі үлкен қала болған.

## ҚЫЗЫЛОРДА-ЖЕТИАСАР-ҚОРҚЫТ АТА

Қызылорда – Терөзек – Қалжан ахун мешіт-медресесі – Жалағаш – Қармақшы ауданы, Тұрмағанбет ауылы – Жалпақ-асар – Қурайлы асар – Кіші Қос-асар – Үлкен Қос-асар – Томпақ-асар – Алтын-асар – Бұзық-асар – Ордазы (Сортөбе) – Қорқыт ата кешені – Қармақшы ата қорымы – Марал ишан кесенесі және Қалқай ишан кесенесі.

Қалжан ахун мешіт-медресесі. XIX ғасырдың аяғында салынған медресе. Мешіттің батыс беткейіндегі қорымда өзі жерленген. Қалжан ахун 1862 жылы Хиуа хандығында дүниеге келген және Хиуа мен Бұқараның рухани оқу орындарында білім алған. Мешіт-медресе республикалық маңызы бар мемлекеттік ескерткіштер қатарына жатады.

Жетіасар қалалары. Жетіасар жазирасында б.з.д. I мыңжылдықтың соңы мен б.з. VIII-IX ғасырларға дейін тіршілік ошағы болған жалпы саны шамамен 50-ден аса қамал-қалалар бой көтерген. Оның 27-сі Жетіасар алқабында 5-7-ден топ-топ болып, Сырдарияның көне салаларының бірі Қуандария мен Ескідариялықтың ондаған үсік тарамдары мен қолдан қазылған оман арықтарының бойына салынған. Олардың қазіргі үйіндісінің биіктігі 18-20 метрге жетеді. Асарлардың барлығы әртүрлі деңгейде жасалған қорғаныс жүйелерімен қоршалған. Қорған іші тұрғын үй, зәулім сарай және колонер шеберлері тұратын бөліктерге бөлінген. Қартаға жеті қалашықты ғана енгізіп отырмыз.

Ордазы (Сортөбе) – Қорқыт ата дәуірінде өмір сүрген оғыздардың қалашығы. Археологиялық қазба жұмыстары барысында құнды жәдігерлер табылған.

Қорқыт ата кешені – сәулет өнерінің айрықша үлгісі. Өлкеміздің басты киелі орны ғана емес басты туристік нысан. Ескерткіш түркі халықтарына ортақ ұлы ойшыл, жырау, қобызшы Қорқыт бабаға арнап салынған. Кешенге жақын Сырдарияның оң жағалауында Қорқыт атының кесенесі болған үлкен қорым бар. Қорым бірнеше кезеңді қамтиды. Осы қорымға барар жолда аңыздарда кездесетін Ақсақ қызға арналған мұнара түріндегі ескерткіш тұрғызылған. Деректерге сүйенсек, Ақсақ қыздың да моласы осы тұста болған.

Қорқыт ата ескерткіші гранит тастан жасалған 4 тік стелладан тұрады. Әрбір стелла әр тарапқа қаратып тұрғызылған құлыптастарға ұқсайды. Жоғары жағы кеңейіп, шөміш пішінінде түйісетін стеллалар қобыз бейнесін де мезейді. Түйісер түбіндегі орталық тесігінде металл түтіктер бар. Олар жел соққан кезде қобыз сарынымен үндес дыбыс шығарады. Аңыздарда айтылғандай, Қорқыт ата мазарында соққан желге үн қосатын қобыз қойылған. Амфитеатр, қошқар бейнесіндегі ескерткіш, музей, т.б. нысандардан тұратын тұтас архитектуралық ансамбль жасалып, мемориалдық кешенге айналды.

Қармақшы ата (шамамен 1630-1710 жылдары өмір сүрген) – әулие. Әулие атаның мейірім-шапағатына бөленген елді мекен – қазіргі Қармақшы ауданы кейін осы кісінің лақап есімімен аталып кеткен. Әулие қабірінің басына кезінде мазар салынып, белгі тұрғызылған.




Марал ишан (1769-1841 жж.) – имам, жерді отарлауға қарсы халық қозғалысын ұйымдастырушы. Марал ишан Кенесары Қасымұлының туған нағашы ағасы. Ханның ұлт-азаттық көтерілісін қолдаған. Марал ишанға қатысты көптеген деректер мен аңыздар бар.

Қалқай ишан Қалмұхамед Маряұлы (1815-1870 жж.) қайраткер. Марал ишанның үлкен баласы. Әкесінен діни тағлым алып, кейін Бұхара мен Бағдат қалаларындағы діни медреселерде оқып, білімін толықтырған. Қалқай ишан мешіт, медресе салып, жастарға мұсылмандық білім беруден қатар, елді егіншілікке үйреткен. Екеуінің де мазарлары бір қорымда орналасқан. Бүгінде осы кесенелер тәуеп ету орындарына айналған.

## ҚЫЗЫЛОРДА-АРАЛ ТЕҢІЗІ БАҒЫТЫ

Қызылорда – Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті – Өркендеу ауылы – Камбаш көлі – Бегім ана мұнарасы – Ұзынтам мұнарасы – Қоқарал платинасы – Арал-асар қонысы – Кердері кесенесі – Барсақалмас қорығы.

Жанкент қалашығы – IX-XI ғасырларда өмір сүрген. Оғыз мемлекетінің ордасына айналған ірі қалалық орталық.



Бегім ана мұнарасы – шамамен X-XII ғасырлардан сақталған сәулет өнері ескерткіші. Аңыз бойынша, Бегім ана Жанкент әмірінің әйелі, наққ жалаңың құрбаны болған. Қазақстанда осы тарихтез ортағасырлық мұнаралар (Ұзын там, Сараманкоса) көп кездеспейді, ал Орта Азияда мүлде жоқ. Бірақ «мұнаралы кесене» деген атаумен белгілі (XIII-XIV ғасырлардан кейін) мұндай ескерткіштер Иран, Түркия, Әзірбайжанда кен тарған. Бұл жағдай осы елдерде Арал аймағынан түркі тайпаларының ығысы баруына байланысты болуы мүмкін.

Ұзынтам мұнарасы – сәулет өнерінің ескерткіші.

Арал-асар қонысы және Кердері кесенесі – Арал ауданы, Қаратерек ауылынан 65 шақырым жерде орналасқан. Қоныстың жалпы көлемі 6 гектар. Кердері кесенесі – Арал теңізінің кепкен табынады Барсақалмас аралының солтүстігінде 30 шақырымда орналасқан. Табылған жәдігерлер бойынша ескерткіштерді Алтын Орда дәуірінен (XIII-XIV ғасырларда) мерзімдеуге болады.

Бұл Арал теңізінің осы дәуірде тартылғанын көрсетеді.

Киелі орындардың тақырыптық-туристік маршруттық картасы туристер үшін қолайлы болуы керек. Аталған нысандардың басым бөлігіне туристер апаруға болады. «Қызылорда облысының қасиетті жерлерінің географиясы» атты облыстық іс-шаралар жүзеге асқан жағдайда киелі нысандарға қатысты аңыздар мен хикаяттарды жинақтау үшін аудандарға экспедициялар ұйымдастыру қажет. Нәтижесінде Сыр өңірінің қасиетті орындарын қамтитын үлкен еңбек шығары сөзсіз.

Әзілхан ТӘЖЕКЕЕВ,  
Қорқыт ата атындағы ҚМУ  
«Археология және этнография»  
ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі,  
тарих ғылымдары кандидаты.





# СЫР СЕРІСІ - ІЗБАСАР

«Qyzylorda» телеарнасы мен Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өткен «Сыр серісі» реалити-шоуы бітірген мақсатына жетті. Екінші мәрте өткізілген ұлттық жобаға бұл 40 жігіт қатысып, оның 18-і іріктеулі алдында. Олардың арасынан 11 жігіт сан түрлі сынақтан сүрінбей өтіп, елтілігі мен төзімділігін, шеберлігін дүйім елге әлгіледі. Н.Бекжанов атындағы облыстық драма театры өткен жеңімпаздарды марапаттау салтанатына қала әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, «Qyzylorda» телеарнасының директоры Жағыпар Қарабала, Жастар ресурстық орталығының директоры Жасулан Алдабергенов және қазылар алқасының мүшелері қатысты.

Көзқаракты көрерменге белгілі, сайыс барысында әуелі серілердің ұлттық спортқа икемділігі сыналды. Жігіттер ат ерттеу, шөп ору, жаяқ ату, дөңгі тебу, аударыспақ, қой көтеру, арқан тарту сынды ұлттық спорттық ойындармен қатар, бір күн әскери тәртіпке бағынап, сарбаз өмірімен де танысты. Актрлік, ақындық қабілеттерін де көрсетті. Мегажоба салт-дәстүрді, қазақы құндылықты қадірлейтін жігіттерді анықтаумен қатар, елдің мерейі – ерлердің абыройын асқақтатуға көзделген.

– Бұл Қазақ телевизиясының 60 жылдығы. Өткен жылы ребрендинг жазылап, «Qyzylorda» атауын иеленген телеарна жаңа бағдарлама, өзгеше контентпен көрерменін қуантуды. Ақпараттық қана емес, жастарды ұлттық өнерге баулитын реалити-шоуды екі жыл қатарынан өткізді. Мегажобада жастардың өнерді бағалап, дәстүрді құрметтейтін, болашақ сенімді болмысын байқадық. Алдағы уақытта Қызылорда қаласының 200 жылдығына орай аймақтың жетекші арыстарымен бірлесіп елге пайдалы жобалар жасаймыз», – деді қала әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов. «Мен» деген жігіттерді қапы қалдырып, суырылып алға шыққан Сыр серісі қандай қабілетімен дараланды? Өнері озық жігіт Ізбасар Әкімов – Абай ауылының тұрғыны. Жеке кәсіппен айналысады. Ұлттық ат спорты аударыспақтан ҚР чемпионатының қола жүлдегері. Бұған дейін де талайды таңғалдырған Ізбасар 2015 жылғы қалалық «Жігіт сұлтаны» байқауының бас жүлде иегері. Сайыс барысында аттың құлағында ойнайтын шапшаңдығы, ақылдылығымен үздік атанған.

Ал, I орын иегері – Нұржұман Піразар Қорқат ата атындағы КМУ ректорының жастар ісі жөніндегі көмекшісі. Жастар ісі жөніндегі комитеттің төрағасы ақындық қабілетімен ерекшеленді. II орынды еншілеген Ермұхамед Сражов – Болашақ университетінің «Денешынықтыру және спорт» мамандығының студенті. Ол көркемсурет оқу шебері, ат ерттеу, аударыспақ, ет жіліктеу сайысында өзгешеленген даралана білген. III орынды иеленген Нұржан Нұғман М.Мөметова атындағы педагогикалық жоғары колледжіндегі «Бей-нелеу өнері және сызу» мамандығының меңгерушісі. Аударыспақ, турникке тартылуға талайды сан соқтыратын Нұржанның колөнер бұйымдарын жасауға да икемі бар. Сондай-ақ, «Батыл жігіт» – Абылайхан Қалмағамбетов, «Сегіз қырлы, бір сырлы жігіт» – Нартай Әбдіраш, «Қайсар жігіт» – Бақдәулет Сматаула, «Өнерлі жігіт» – Арман Мергенбаев, «Жігерлі жігіт» – Диас Сейілов, «Шешен жігіт» – Шерхан Жақсыбай, «Таланты жігіт» Бақтияр Баймахан болып танылды.

Сырдың серісіне жылқының жүйрігі – арғамак тарту етілді. Сондай-ақ, сынан сүрінбей, өнерімен, мінезмен, онегелі ісімен алға шыққан азаматқа және жастарды отаншылдыққа тәрбиелеуге қосқан үлесі үшін «Сыр серісі» телевизиялық жобасының жетекшісі Айсулу Қасымоваға «Батыр шапағаты» медалі табыс етілді.

Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы».

## ЖӘРМӨНКЕ ӨТЕДІ

2018 жылғы 21 сәуір күні Қызылорда қаласы мен Шиелі, Қазалы, Жалаған аудандары әкімдіктерінің ұйымдастыруымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі төменде көрсетілген орындарда өткізіледі. Басталуы сағат 09.00.

Қызылорда қаласы – Төле би көшесі (КІП мен Жанқожа батыр көшесінің аралығы).

Шиелі ауданы – Тасбөгет кенті (Орталық алаң).

Қазалы ауданы – Ғ.Мұратбаев көшесі (Қ.Ясауи көшесі мен Жанқожа батыр көшесінің аралығы).

Жалаған ауданы – Ә.Қашаубаев көшесінің бойы (Жетікөл көшесімен қиылысы).

## ҚЫЗЫЛОРДА – 200

# АҚМЕШІТ-ПЕРОВСК-ҚЫЗЫЛОРДА

## ҚОС ТӨҢКЕРІС КЕЗІНДЕ

Ресейдегі Уақытша үкімет 1917 жылы 5 наурызда жергілікті жерлерде басқару жұмысымен айналысатын мекемелер құру туралы қаулы шығарып, облыс, уез, болыс және ауылдарда құлаған ескі үкіметтің орнына жаңа басқару орындарын құра бастайды. Бүкіл Ресейдегі сияқты қазақ даласында да Уақытша үкіметтің билік орындары алғашқы кезеңде азаматтық комитеттер есебінде пайда болды.

Облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері Асылхан Асуатов ұсынған тарихи деректерге қарағанда, мұндай комитеттерді құруда талай жылдар отарлық езгіде келген елдің зиялы азаматтарының аздығы сезілген. Мысалы, бұл туралы 1917 жылдың маусымынан жарық көрген және алғашқы редакторы М.Шокай болған «Бірлік туы» газетінде: «Ең алғаш өзгеріс болған уақытта Ақмешіт қазақтары бұл табыс болмаған жаңа бір жолға басып табылық деп, телеграмма үстіне телеграмма беріп, Петербурдан Мұстафа Шокайды, Термизден Серәлі Ләпиді, Самарқандан Хусан Ибрагимовты, мұғалім Табанбаевты, Қоқаннан Серікбай Ақаевты, Әндіжандан Қоңырқожа Қожықовты, Қармақшыдан мұғалім Ибрагим Қасымовты шақырды» деп жазылған.

Қазақ комитеттері сөз жүзінде Уақытша үкіметті қолдағанымен, оның барлық іс-әрекеті ұлттық мүдделерге қызмет етті. Мұстафа Шокай Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің құрамына енгізілді. Сырдария облысында ұлттық комитеттерді құру аса қиын жағдайда жүрді. Аштыққа қырғиға ұшыраған халықтың саясатқа, ел билеуге араласа алмауы үрдісіне кей жерлерде ұлттық ұйымдардың басына бұрынғы атқамінерлер келіп, халыққа тәуекел тартты. Осындай себептерге байланысты олар Сырдария облысының кей жерлерінде тамыз айына дейін ұлттық ұйым құруда мырғаға келе алмады. Өлке орталығында қалыптасқан осындай саяси жағдайда жергілікті халықтың саясатқа белсенді түрде араласа бастаған өкілдері екі саяси ұйым құрды. Олардың біріншісі – қоғамдық-саяси өмір мәселелеріне белгілі дәрежеде консервативтік бағыт ұстаған «Ғұламалар одағы» (Улама жамғаты) болса, екіншісі – қоғамды буржуазиялық демократиялық тұрғыда өзгертуге бейім тұрған «Ислам кеңесі» еді.

Ақпан революциясынан кейін Сырдария облысында құрылған кейбір ұлттық комитеттердегі жағдайды Ақмешіттің комитеттерінің қызметінен көруге болады. Ол жөнінде М.Шокай былай деп еске алады: «Мен Ақмешітке келгенде, ол жерде үш ұйым бар болатын. 1. Ақмешіт ұлттық кеңесі – төрағасы Ерәлі Қасымов. 2. Ақмешіт халық өкілдерінің кеңесі төрағасы – Серәлі Ләпин. 3. Ақмешіт жұмысшы-солдат кеңесі».

1917 жылдың 2-5 тамыз аралығында Ташкентте Түркістан өлкесінің қазақ-қырғыздарының жалпы съезі өтті. Съезге Түркістан аймағындағы барлық аудандардан арнайы сайланып келген уәкілдер қатысады. Басқарушы төрағалардың

ішінде С.Асфандияров – съездің құрметті төрағасы, М.Тынышпаев – съезд төрағасы, төрағалық серіктікке А.Мангелдин, Ә.Кенесарин, С.Өтегенов, хатшылыққа З.Сейдалин, Ш.Копсалямов және С.Қожанов сайланды. Осы съезде «Түркістан өлкесінің қазақ-қырғыздардың орталық Кеңесі» құрылды. Сонымен бірге Сырдария облысының орталық атқару кеңесі құрылып, оған мүшелікке С.Өтегенов, Ә.Коттибаров, И.Қасымов, И.Токтыбаев, Т.Рыскулов және С.Қожанов кіріп, бір орталыққа біріккен «Түркістан өлкесінің қазақ-қырғыз атқару кеңестерінің» жұмысын үйлестірді Сырдария облыстық қазақ атқару кеңесіне жүктелді. Түркістанда бір орталыққа біріккен қазақ-қырғыз кеңесінің төрағалық міндетін алғашқыда И.Қасымов, хатшылық қызметін Т.Рыскулов атқарса, кейін төрағалық міндетті Ә.Коттибаров атқарды. Ал М.Шокай осы Кеңестің құрметті төрағасы болып сайланып, оның жалпы жұмысына басшылық жасайды. Сырдария облысындағы ұлттық ұйымдар қазақ-қырғыз Кеңесі деп аталды. Осы съезде қабылданған қаулыда «Түркістан аймағында қазақ-қырғыз кеңесі ашылысын. Ал қазақ-қырғыз кеңестері жобаларда тәзделіп облыстық қазақ кеңестері құрылсын», делінеді. Осыған байланысты Сырдария облысында облыстық қазақ атқару кеңесінің төрағасы Ә.Коттибаров, Перовск уезіндегі кеңестің төрағасы алғашқыда Е.Қасымов, кейін К.Ибраһимов, Қазалыда А.Жанғалин сайланды.

Ақпан революциясынан кейін Сырдария облысында жұмысы және солдат ұйымдары Черныев уезінде және оның Түркістан бөлмешесінде, Қазалы, Перовск уездеріндегі ең жақсы топтасқан ұйым болды. 1917 жылдың екінші жартысында барлық қазақ облыстары секілді Сырдария облысында да қоғамдық-саяси өмір шешілісіп, қарапайым халықтың әлеуметтік жағдайы мүлдем ауырлап кетті. Сырдария облысында егін егетін жердің көпшілігіне мақта егіледіктен, өлкеде аштық басталған болатын. Ашаршылықтың күрт етек алып кеткендігі сондай, аш қазақтардың жағдайы тіпті мүшкіл күйге түсті. Ресейден Түркістанға 30000 пұт астық бөлінгенімен, революцияның салдарынан теміржолдар істен шығып, астықтың бәрі Түркістанға жете алмай жолда тоқтап қалды. 1917 жылдың қазан айының екінші жетісінде Ташкентте «Жаңа қоғам» мен «Ғұламалар қоғамының» шақыруымен «Түркістан және Қазақстан» мұсылмандарының съезіне, сондай-ақ 1917 жылдың 17-20 қазан аралығында Түркістан қаласында (Черныев уезі) С.Ләпин мен шамкенттік ишан Салық қожа басқаруымен болған «Ғұламалар қоғамының» Сырдария облыстық мұсылмандар съезіне осы облыстан құрылтай жиналысына баратын депутаттарды сайлау тәртібі ешқандай ішкі көтермеді. Сонымен қатар Сырдария облысы Перовск уезінде Е.Қасымов басшылық еткен уездік ұлттық комитет пен К.Ибраһимов басқарған қазақ депутаттарының кеңесі арасындағы өзара қатынас талас-тартысқа айналып, ауызбірлік таппады. Бұл екі арадағы кикілжің Қазан революциясынан кейінгі уақытта да жалғаса берді.

Осындай жағдайда жаңа орыс билік мекемесі – жұмысшы, солдат депутаттарының кеңесі өкілдері Ақмешіттен Ташкентке дейінгі аралықтағы Жөлек, Шиелі, Жанакорған, Түркістан, Арыс және басқа жерлердегі халықты ашықтан-ашық талап, зорлық-зомбылықтарын жүргізді.

1917 жылдың 25 қазанында Петроградтағы қарулы көтеріліс ақпан революциясының демократиялық реформаларына үміт артқан ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдарға үлкен соққы болып тиді. Түркістан өлкесі шаруаларының екінші съезінің делегаттары биліктің большевиктер үстемдік етіп отырған кеңестердің қолына өтуіне қарсы екендіктерін ашық танытып: «Бүкілресейлік құрылтай жиналысы шақырылғанға дейін Түркістандағы және орталықтағы билік Уақытша үкіметтің қолында қалуы тиіс» деген қаулы қабылдаған еді.

Алайда большевиктер ұйымдастырған төңкерістен кейін елде мүлдем түсініксіз аласапыран саяси ахуал қалыптасалы. Бұл жағдайда А.Байтұрсынұлы «Қазақтарға Ақпан революциясы қандай түсінікті болса, Қазан революциясы оларға социальдық түсініксіз көрінді. Олар алғашқы революцияны қандай қуанышпен қарсы алса, тура сондай үреймен екіншісі қарсы алуға мәжбүр болды. Қазақ халқымен табыс адамдар үшін қазақтардың бұл революцияларға деген мұндай қатынасы өбден табиғи және түсінікті болатын. Алғашқы революцияны қазақтар тура түсініп, қуанышпен қарсы алуындағы себебі, біріншіден, бұл революцияның оларды патша үкіметінің қанауы мен зорлығынан құтқаруына, екіншіден, олардың өзіндік өзімізді басқарсақ деген ескі үмітін нығайта түсуіне еді» деп сипаттама берді. 1917 жылғы 30 қазанда жұмысшы, солдат депутаттары кеңесі өкілдерінің ұйымдастыруымен Перовск еңбекшілері мен жергілікті гарнизон солдаттарының митингісі болып, онда Кеңес өкіметі билікті өз қолына алып деп хабарлады. Перовск кеңесі өкімет билігін алғаннан кейін бірін-бірі қолдау қажеттілігі туралы нақты іс-шараларын ұсынып, Ташкент кеңестеріне хат жазды. Өзара көмек көрсетуге келісім жасау үшін Қазалыға бес адамнан тұратын делегация жіберілді. Сөйтіп Орта Азия мен Қазақстанда бірінші болып Кеңес өкіметі Перовскте орнады. Ал Қазалыда қарашаның екінші жартысында өкімет билігі Кеңестердің қолына өтті.

1918 жылдың екінші жартысында Түркістан партия ұйымдарының өлкелік съезі өткізілді. Түркістан компартиясы ұйымның қалыптасуы Перовск және Қазалы партия ұйымдарын қуыштың, жергілікті жерлерде жаңа партия ұйымдарының пайда болуына әсер етті. Жалпы алғанда, Қазақстанда оның ішінде Сыр өңірінде Кеңес үкіметінің орнауы жергілікті халыққа үлкен озбырлықпен, ләңкестік әрекеттермен, алдап-арбаумен тапқан табыстарын тартып алумен көрінді. Большевиктер мен актрвариациялардың қыстығысынан мыңдаған адам зардап шекті.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА, «Сыр бойы».

## ЖӘДІГЕР

– Мен саған ең құнды дүниелерді біртіндеп көрсетейін. Анау тұрған шөкөмбішті әкелші.

Үлкендердің тапсырмасын қайталап сұрай берген ыңғайсыз. Бірақ анау жаққа бара жатқанымен, шөкөмбішті таппауым мүмкін еді. Абырой болғанда сыртында аты жазылды.

– Ата-бабаларымыз шаңырақтың ошағын өшірмеген. Киіз үйдің ортасына қазақ от жаққан. Сол отты сөндірмей таңға дейін сақтайтын құрал – шөкөмбіш. Ертеде ел бір-бірінен от сұрайтын болған, – деді Күләш апай.

Байқасақ, қазір шөкөмбішті ұмыттық. Онымен бірге оттың



# ЧЕМОДАНДАҒЫ МУЗЕЙ

қасиеті де естен шыға бастады. Отқа май құйып, ошағын сөнбесін дейтін елдің ұрпағы жалынды қызық көре бастады. Қандай қуаныштың алдында да жастар тортың бетіне от жағып, үрлеп сөңдіреді. Мүмкін, содан ба екен, ошағы жаныбай жатып сөнетін шаңырақ көбейді. Бұл жақсы істің басындағы жаман ырым. Биікте – күн, біле білсек, жер қойнауы да – от. «Бүкіл Таңыртаудың өзі – от перзенті. Жердің ішек-қарны ақтарылып, от болып бүркылдағанда таулар туған», – демейтін бе еді Шерхан Мұртаза. Бұл көнеден жеткен шөкөмбішті көргендегі ой. Замандастарымыз көріп, оның қасиетін ұғынса, осы ой оларға да келер еді. Жалпы көне заттарды жинап зурленудің не керекі бар?! Байқасақ, шөкөмбіштің үзі қазақы дәстүр мен қасиетті ұғындыруға қауқарлы. Ал ардагер-ұстаз Күләш Алматышеваның қырық жылдық коллекциясы – елу чөмөдандық. Әрқайсысының сырын тартатсаң, тарихқа келесің.

Ол байқауға “Мейірім үміт” қорының атынан қатысқан. Коллекция қалай жиналды? 1972 жылы К.Қарақозов атындағы №235 мектептің ашылу салтанатында Күләш апайға екі жас ұстас ретінде символикалық кілт тапсырылады. Бұл естелікпен бірге алғашқы қонырау, мектептің төлқұжаты да жыл өткен сайын экспонат қатарын толықтырады. Күләш апайдың талабына қолдау танытқан мектептің директоры – Рахат Құлтанов еді. Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің жинаған жәдігері үш қапты тоқтырыпты. Сол қазынамен Мұқағали Мақатаевтың көрмесінде 19 қаладан жиналған коллекционерлер арасында бас жүлдені иеленді. Бір қызығы, Күләш апай қай жерге бармасын, сол үйдің көз тартар дүниесін емес, көне заттарын қарай жүреді. Қаласа қолқа салғанды. Кішкентай дүниені де көзі қалт жібермейді. Айталық, мал қыратын қырықтықтын қылырды барған үйдің қорасында тұрғанын байқайды. Сұрап көрсетсе, сол үйдің атасы дүниеден

қайтқан 20 жылда қырықтыққа қол тимеген екен. «Сіздерде тұрса, қуны болмас. Маған беріңіздер, балалар көреді» деп қалап алады. Бүгінде жәдігерлер мектептің «Атамекен» мұражайында жинақталған. Елу чөмөдандық дүние дегенмен, бұл чөмөданда сыймайтын екі газсыра жуық тарихы бар келі, ұлттық кіндер, сандық, кебезе, зергерлік бұйымдар жасайтын қорық, тұлақ, бөстек, шалғы, орақ, үтік, қапқан түрлері, білте шамдар, көне ыдыс-аяқтар сақталған.

Әсіресе, соғысты көрген дүниелердің жөні бөлек. 1941 жылы Алматыда жасалған кара чөмөдән, шинал мен бешпент, жауынгердің ыдыстары оқ пен оттан аман келген. Тіпті, немістің шығамы мен ас ішкен қасығы да осында.

Күләш апайдың құнттылығы сондай, шағын деректер қорын жасақтаған. «Бір хаттың ізімен», «Мәскеу үшін шайқас», «Ұлы Отан соғысының біткеніне 70 жыл», «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Кеңес Одағының батырлары», «Сырдан шыққан тұңғыш партизан қыз», «Жер-су атаулары», «Ленин жолы. Ленин туы. Сыр бойы», «Қамыс қала. Ақмешіт. Перовск», «Жаңа Қызылорда», «Туған қалам – Қызылорда», «Білім ордалары», т.б. атаулармен папкалар жинақтаған. «Қазақ қашанда қазақ» деген папканың іші тола «Егемен Қазақстанның» екі дөуірдегі Алаш жұртын салыстыра бейнелеген суреттері. Жинақтардың арасында қазақ тарихында сегіз Жәнібектің

болғанын дәлелдейтін деректер, Түркістанда жерленген игі жақсылардың есімдері тізімделген. Деректердің сәт түсіріп, тап-тұйнақтай тұруына көмектескен құрал – қайшы. Басылымды тұтастай жинаса, кереметті ұзақ іздейсің. Ал, мұнда дап-дайын мақала, ойына дөп түсетін материал бар.

– Музейдің есігінде де сыр бар. Елбасының 1998 жылғы Сыр еліне сапарында №12 І.Қабылов атындағы мектепке келетіні белгілі болды. Сонда К.Қарақозов атындағы №235 мектептің мұғалімдері Маралбек Исаев пен Асқар Жұматаев ағаштан ойып, киіз үйдің сымқылдауығын жасады. Есіктің нақышын көрген Елбасы еңбекке риза болып, бата берді, – дейді Күләш апай. Расымен, он сан ою жиналып, есікке тұра қалған ба дерің?! Күлдіреуіңнің өзі де берелі.

Күлдіреуіңші қазақ текке жасамаған. Үй ішіндегі түтін түндіген тұзу шығу үшін күлдіреуіңнен жел соққан, – дейді Асқар ата. Байқасақ, музейдегі мүсін, көркемсуреттің көпшілігі осы кішіні туындысы екен. Мұражай соғыстың, шайқастың шерлі шындығын сезіндірі. Мұнда 2015 жылы Екінші Дүниежүзілік соғыстың қаранында Санкт-Петербург маңындағы Мишкино селосында сүйегі табылған, Айдарлы ауылының тұрғыны Нүреден Токпанбетовтың заттары да бар. Жетіс жыл жер астында жатқан жауынгердің бойтұмары (жауынгер медальоны), теңгелер мен қаламұш сол қанқасының куәсі.

– Ағасын Ресейге іздеп барып, елге әкелген немере інісі, ұшықшы – Бірзахмет Жұмағамбетов. Осыны жазшы, қазір бауырын жат санайтындыр көбейді ғой, – дейді Күләш апай. Коллекция жинау – белгілі бір дүниеге қызығушылықтан туған әуестік. Бірақ ол ұлтқа он есе ұпай әкелетін жәдігер болса – құнды мұра. Айталық, жеті атанды мақтану үшін айтып жүрмейсің ғой, теңіне нұқсан келтірмеу үшін намысқа басысың, солардан үлгі аласың, рухтанасың. Жәдігер ше? Ол да қазақы қалып, қасиеттілі еске түсіреді. Экспонатқа жықпаты қараудың себебі – осы. Алдағы уақытта Күләш апай мұражай мұрасын чөмөдана салып, ауылдарды араламақшы. Қырық жылдық коллекция құнды тарихты арқалап елге жол тартады.

А.НУРТАЙҚЫЗЫ.

## Құттықтама!



С.Ләпин атындағы №261 орта мектебінің директоры Шүренов Алтынсары Әлекулдана

### Құрметті Алтынсары Әлекулдана!

Сіз еңбекке ерте араласып, ұлағаты өмір мектебінен өттіңіз. Шақірт тәрбиелей жүріп, ұстаздығыңызды шығармашылық жұмыспен ұштастыра білдіңіз. Шақірттеріңіздің білімді, парасатты болып шығуы жолында аянбай еңбек етіп келесіз. Терен білім, берік ұстаным, іскерлік қабілет және азаматтық парасат сізді зор құрметке бөледі. Ұстаз бақты деген осы.

Сізді мерейлі мерекенізбен құттықтай отырып, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық тілейміз. Өрбір белес, әрбір асу, ол – бір із. Қашанда да жақсылыққа сендіңіз. Тұлғаныңдан үлгі-өнеге таратып, Міне, сіз де 63-ке келдіңіз.

Өткен күнің арта қалып елесі, Тіршіліктің жалын берер кемесі. Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған, 63-тің күні болсын белесі. Ағай, сіздің бүкіл бізге бағыңыз, Өр белестен, әр асулан қалады із. Құттықтаймыз сізді ұстаздар ұжымы, Қуанышыңыздың бәрін ортақ боламыз!

Құрметпен, С.Ләпин атындағы №261 орта мектеп ұжымы.



## БАСТАМА

# ЖАС МАМАНДАР МУЗЕЙГЕ БАРДЫ



Еліміздің тарихын, мәдениетін, туған өлкеміздің өткенін білу – әрбір азаматтың міндеті. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан туындайтын осы міндетті жүзеге асыру барысында облыс бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаменті бірқатар бастаманы қолға алды.

Департаментке қарасты мекемелердегі жас мамандарды патриоттық және рухани-әстетикалық бағытта тәрбиелеу, ұрпақтар сабақтастығын нысантау мақсатында жұмырда Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейіне экскурсия ұйымдастырылды. Жастар аймақ тарихын айшықтайтын музейде өңірдің өткенін сыр шертетін жәдігерлермен танысты.

Музей қызметкерлері құнды экспонаттар жайлы баяндап, әр дәуір тынысы жайлы кеңестіріп берді. Халқымыздың рухани асыл қазыналарын жинақтап, өлкеміздің өткені мен бүгінін жалғап отырған музейден жастар тамаша әсер алып қайтты.

Дана ДОСТАНОВА, Қызылорда облысы бойынша ҚАЖД маманы.

## СЕРГЕК

# ӘМБЕБАП ЖЕКПЕ-ЖЕКТЕН БІРІНШІ ОРЫН



Байқоңыр қаласында әмбебап жекпе-жекпен 2000-2001 жылдары туған жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Жарысқа еліміздің барлық өңірінен 12 команда 180 спортшы қатысып, 14 салмақ дәрежесі бойынша жүлделерді сарайла салды.

Нұрбек Жармаханов пен Қазыбек Алтыруовтан тәлім алатын жерлестеріміз қоржынға 8 жүлде салып, жалпықоғамдалық есепте 1-орынды жеңіп алды. Екінші орынды Алматы қаласы, үшінші орынды Оңтүстік Қазақстан облысының спортшылары иеленді.

Жекелей сында Газиза Айболатова, Нұрханын Тілектесов, Нұржан Құлғаев, Аружан Боранбаева және Мақсат Сауытбеков секілді болат білек, күрзі жудырық жас батырлар Қазақстан чемпиондары атанды.

Бұл 5 спортшы үстемізгегі жылдың мамыр айында Сингапурда өтетін Азия чемпионатына қатысады.

Р.ДҮЙСЕНҮЛЫ.

Кезекші редактор Сара АДАЙБАЕВА.

Menшік іесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ қабылдау бөлмесі